

aceline

Сымды тінтуір Aceline AGS-C04

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Құрылғы мақсаты

Тінтуір — курсорды басқаруға және компьютерге әртүрлі командалар беруге арналған құрылғы.

Техникалық сипаттамалары

- Үлгісі: AGS-C04.
- Сауда белгісі: Aceline.
- Орындау түрі: оң және сол қолдар үшін.
- Қосылым түрі: сымды, USB 2.0 интерфейсі.
- Түйме түрі: кәдімгі.
- Түймелердің саны: 4.
- Сенсор: Sigma 8733D.
- Сенсор ажыратымдылығы: 800 / 1200 / 1600 dpi.
- Артқы жарық: 4 түс (қызыл, көк, жасыл, күлгін).
- Кәбіл ұзындығы: 1,5 м.
- Қуат көзі: 5 В = 100 мА.
- Ауыстырғыштар: HUANO 2M.
- Өлшемі: 123 × 65 × 39 мм.
- Салмағы: 100 ± 5 г.
- Материалы: ABS пластик.
- Үйлесімділік: Windows.
- Жинақталым: сымды тінтуір, пайдалану бойынша нұсқаулық.

Сақтық шаралары

1. Құрылғыға ешқандай өзгерістер енгізбеңіз.
2. Қысқа тұйықталуды болдырмау үшін құрылғының кез келген сұйықтықпен жанасуына жол бермеңіз және оның жанына сұйықтықтары бар ашық контейнерлерді қоймаңыз.
3. Құрылғыны электромагниттік сәулеленуге ұшыратпаңыз.
4. Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
5. Бұл құрылғы балалардың немесе физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың қауіпсіздігіне жауапты адамның қадағалауынсыз пайдалануына арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.

Тінтуірді пайдалану

1. Тінтуірді кәбіл арқылы компьютердің USB портына қосыңыз.
2. Қажет болса, драйверлер орнатылғанша күтіңіз.
3. Құрылғы пайдалануға дайын.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да болмасын монтаждауды немесе бекітуді талап етпейді.
- Құрылғыны қаптамада, өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауаның 5 және 40 °С аралығындағы температурада және ауаның 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығында сақтау керек. Үй-жайда жемірілуді тудыратын жегі қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғының тасымалдануы құрғақ ортада жүзеге асырылуы тиіс.
- Құрылғы ұқыпты өңдеуді талап етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны сату жергілікті заңнамасына сәйкес жүргізілуі керек.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды. Оның орнына оны федералдық немесе жергілікті ережелерге сәйкес қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықты жинау орнына апару керек.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, тез арада авторландырылған сервистік орталыққа хабарласу немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Хуэйчжоу Пауэр 3 Электроникал Текнолоджи Ко., Лтд.
Чанбу ауылы, Синьсюй, Хуэйян ауданы, Хуэйчжоу қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Импортер / юр. лицо, принимающее претензии в Республике Казахстан: ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Астана, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Республика Казахстан.

Импорртаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ-ы, Сарыарқа ауданы, Сарыарқа д-лы, 12 Ғ-т, Қазақстан Республикасы.

Адрес электронной почты / электронды пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Өнімнің сапасын жақсарту үшін ерекшеліктер, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Тауардың шығарылған күні, сондай-ақ кепілдік және пайдалану мерзімдері қаптамада көрсетілген.

